

# ПРИОЗЕРСКИЙ

№20/508  
19 мая 2017 года

## Вестник

Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 25 жыл

### МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БИІК МӘРТЕБЕСІ - МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ, ЕЛТАҢБАСЫ ЖӘНЕ ӘНҰРАНЫ



2017 жылдың 15 мамырында «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де ҚР Рәміздерінің 25 жылдығына арналған «Мемлекетіміздің биік мәртебесі - Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы және Әнұраны» тақырыбында салтанатты жиын болып өтті. Оған мектептегі балалар мен жасөспірімдердің «Жас Ұлан» ұйымы-

ның 270 мүшесі қатысты. Салтанатты жиынға ҚР Мемлекеттік Туы енгізіліп, ҚР Мемлекеттік әнұраны орындалды.

Балалар мен жасөспірімдердің «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшесі Мұхамеджанова Даяна «Менің мақтаным - менің рәміздерім» тақырыбында баяндама оқыды.

Салтанатты жиын барысында «Жас Ұландықтар» Қазақстан Республикасы рәміздерінің шығу тарихы туралы, олардың авторлары жайлы айтылып, толық қанды мәліметтер берілді. Оқушылар мемлекеттік рәміздерде бейнеленген әрбір элементтің шығу тарихын айтып, олардың мазмұндарына тоқталып өтті. Сондай-ақ, ҚР рәміздері туралы ақындардың өлең жолдары оқылды.

**А. Ж. Алтай,**

*Балалар мен жеткіншіктердің «Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі*



...Өз тіліңді құрметте!

### ТІЛ ЗАҢЫ – ЕЛДІҢ ҚАМЫ



Бүгінгі үдеріске толы заманда білім жағынан сауатты болу жеткіліксіз деп есептеймін. Мейлі, қай салада болсын, Заңды білу заман талабы. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген дәуірде әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс деп ойлаймын. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана алға қойған мұрат-мақсатына жетеді. Сондықтан «Құқықтық сауаттылық – бүгінгі заманның талабы», «Адам қараңғыда жарық іздесе, шамға жүгіреді, әділдік іздесе, заңға жүгінеді» деп халық айтқандай, өзіміздің

азаматтық құқығымыз заң тұрғысында қорғалып, қоғамда болып жататын келеңсіздіктерден аулақ болғыңыз келсе, құқықтық сауаттылығымызды өзіміз жоғарылатып алсақ, немесе арнайы заң кеңесшісінен ақыл-кеңес алғанымыз абзал болар еді. Бірақ біздің нарықтық әрі дағдарыс заманында бұл барлық адамға мүмкін болмай отыр.

1997-жылғы 11-шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы туған тілімізді өркендетуге жаңа серпін әкелді. Мұнан соң Тіл туралы Заңның қозғаушы тетігі ретінде 1998-жылғы 14-тамызда республика Үкіметінің «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» және 1999-жылғы 8-қаңтарда «Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулылары мен бірқатар құжаттар қабылданды. Осы орайда Республика Президентінің 2001-жылғы 7-ақпандағы №550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» да айрықша атап өтуге болады. Ол мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын қазақ тіліне кезең-кезеңімен

Мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы

### «ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



«Қазақ «Туған жерге туынды тік» - деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым - әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл - мағынасы өте терең сөздер. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы - шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер - әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» - деп түсіндірген болатын Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасының пайымынша, бұл кез келген халық әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодынның негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. «Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп жазады Президент.

Осы орайда екінші бағытта басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау жасау қамтылып отыр. «Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады» - дейді Н. Назарбаев.

[http://www.inform.kz/kz/kazakstanda-tugan-zher-bagdarlamasy-kolgalynady\\_a3016317](http://www.inform.kz/kz/kazakstanda-tugan-zher-bagdarlamasy-kolgalynady_a3016317)

көшіруді, республикамызда оңтайлы функционалдық лингвистикалық кеңістік құру үшін мақсатты қызметті жүзеге асыру жөнінде бірінғай стратегия әзірлеуді нысана етті. Оның негізгі бөлігі ішінара жүзеге де асып келеді. Мемлекеттік тілді үйрену мен қолдану бойынша қаншама қолайлы шаралар жасалғанын санамасақ та, көп екені белгілі. Сіз бен біз оны жақсы білеміз.

Ендеше, Атазаңның аясында өмірімізге енген Тіл туралы Заңды орындамай жүрген кейбір азаматтарымыз неге құқықтық негізде Заң алдында жауап бермейді? Жауырды жаба тоқып жүре беруден тіліміздің зардап шегіп жүргеніне негізінен өзіміз, яғни қазақ жұрты кінәліміз деп ойлаймын. Елбасының үлкен мінберден «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген емеуріні сөз мәнісін түсінбейтіндердің санасына жетпегендей. Көшеде немесе мекемеде, қоғамдық орын-дарда орысша шүлдірлесіп тұратын аты қазақтар әлі де жетіп артылады. Қазақ мектебін оқушылары арасынан да өзара орысша сөйлесіп жүрген балалардың бар екенін жиі байқап

қаламыз. Ондайлар ұстаздар ара-сынан да ұшырасып қалады. Сонда кім кімді сыйламай жүр? Айналып келгенде, туған тілің тасада қала бермесін деп ойлайтын әрбір намысты, арлы азамат Заңға бас ие отырып, өзінің ұлттық құндылығын құрмет тұтса екен.

Заң баршаға ортақ маңызды құжат. Сондықтан Заңға бағынуды төменнен емес, негізі жоғарыдан бақылап, қадағалау керек сияқты. Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп айтылғандығын ескерсек, тілге Үкімет тарапынан жасалынып жатқан қамқорлық та ойдағыдай. Олай болса, мемлекеттік тілдің мерейін тасыту әрқайсымыздың өз қолымызда. Қазақша жазып, қазақша ой түйейік!

**Жолмұрат КЕҢЕСОВ,**  
*«Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы*



ОКҚ ХАБАРЛАЙДЫ

СІЗКІ ИНФОРМИРУЕТ

## ҰЛТТЫҚ «БАЛА ДАУЫСЫ» БАЛАЛАР ӘН БАЙҚАУЫНЫҢ 2 – ШІ МАУСЫМЫ БАСТАУ АЛДЫ БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ



Орталық коммуникациялар қызметінде «Бала дауысы» Ұлттық балалар ән байқауының екінші маусымының басталуына арналған баспасөз конференциясы өтті. Байқау туралы Әлия Назарбаеваның «Жандану әлемі» қорының басқарма төрағасы Мұрат Исханов, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры Алмаз Нұразхан, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының атқарушы директорының орынбасары Сұлтан Айтжанов, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Айсулу Тәни айтып берді.

Әлия Назарбаеваның «Жандану әлемі» Қорының бірегей жобасы Ұлттық «Бала Дауысы» балалар ән байқауының екінші маусымы 12 мамыр, Павлодар қаласы, Естай атындағы мәдениет сарайында өтеді. Еліміздегі ең ауқымды балалар ән байқауы осы жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры, Қазақстан Республикасының Мәдениет және Спорт Министрлігінің қолдауымен өтеді.

Байқаудың негізгі мақсаты – біздің көпұлтты елімізде тұратын халықтардың тілдерінде, балаларға арналған жаңа әндер арқылы балалар музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету.

«Бала дауысы» байқауының ашылуына арналған қайырымдылық концерті, 13-ші мамырдан 29-шы қазанға дейін созылатын республикалық шығармашылық марафонның бастауы болады.

Жобаның идея авторы Әлия Нұрсұлтанқызы мен Павлодар облысының әкімі Болат Жұмабекұлы «Бала дауысы - 2017» байқауына бастау береді. Мәдениет сарайы сахнасында кең байтақ еліміздің түкпір – түкпірінен келетін бірінші маусымның 23 финалисті өнер көрсетеді. Байқаудың 2 – ші маусымы Павлодар қаласында бастауын алуы кездейсоқ емес. «Бала дауысы - 2016» байқауының жеңімпаздары павлодарлық кішкентай жұлдыздар – Мерхат Жылқыбаев пен Мария Затварницкая.

13 мамыр – 22 маусым аралығында танымал музыканттар, композиторлар мен продюсерлерден тұратын «Жандану әлемі» Қорының шығармашылық тобы еліміздің

барлық аймақтарында, Астана және Алматы қалаларында 7 және 13 жас аралығындағы өнерсүйер дараларға арналған «Бала дауысы» жобасының іріктеу кезеңдерін өткізеді. Әр қатысушыға естелік сыйлықтар мен жобаға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі. Ал, музыка пәні мұғалімдеріне арнайы балаларға арналған жаңа ән жинақ тапсырылады. Іріктеудің ең жарқын сәттері 2 – ші қыркүйек пен 21-ші қазан аралығында байқаудың күнделіктерінде, жобаның ақпараттық серіктесі - КТК арнасының эфирінен көрсетіледі.

Қаз айында еліміздің үздік 16 дауысы «Бала дауысы» ән мектебінде, Алашау тауларының баурайында орналасқан «Бөбек» Ұлттық орталығында бас қосады. Күнделікті, кәсіби музыканттар, хореографтар, стилистер балаларды Супер-финалдың телевизиялық түсірілімдеріне дайындайды.

27, 28 және 29 қазан күндері «Алматы Арена» мұз сарайында байқаудың Супер-финалы өтеді. Көрермендер қазақ эстрада жұлдыздарының және байқау финалистерінің қатысуымен өтетін үш жарқын және қайталанбас кештің куәгері бола алады. Байқаудың барлық актық кезеңдерін кәсіби




қазылар алқасы және sms-дауыс беру арқылы телекөрермендер бағалайды.

Барлық 16 финалистер арнайы сыйлықпен марапатталып, ал, ең үздік деп танылған Бала дауысы еліміздің таңдаулы музыкалық білім ордасында оқуға Грант және ертегі әлемі Диснейлендке саяхат жолдамасын иеленеді.

Толық ақпарат  
[www.baladauysy.kz](http://www.baladauysy.kz)  
сайтында.

## В КАЗАХСТАНЕ СТАРТУЕТ 2 СЕЗОН НАЦИОНАЛЬНОГО ДЕТСКОГО ПЕСЕННОГО КОНКУРСА «БАЛА ДАУЫСЫ» ПРЕСС-РЕЛИЗ



В Службе центральных коммуникаций состоялась пресс-конференция, посвященная старту 2 сезона Национального детского песенного конкурса «Бала дауысы». В пресс-конференции приняли участие председатель Правления Фонда Али Назарбаевой «Жандану әлемі» Мурат Исханов, директор Департамента по делам культуры и искусства Министерства культуры и спорта РК Алмаз Нұразхан, заместитель Исполнительного директора Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Сұлтан Айтжанов, член Союза композиторов Казахстана Айсулу Тәни.

12 мая 2017 года в Павлодарском Дворце культуры им. Естай будет дан старт второму сезону Национального детского песенного конкурса «Бала дауысы» - уникальному проекту Фонда Али Назарбаевой. Один из

Благотворительный концерт, посвященный открытию конкурса «Бала дауысы», послужит началом грандиозного республиканского творческого марафона, который продлится с 13 мая по 29 октября 2017 года.

Старт «Бала дауысы-2017» дадут автор идеи Конкурса Али Назарбаева и аким Павлодарской области Булат Бақауов. На сцене Дворца культуры выступят 23 финалиста первого сезона со всех уголков Казахстана. Павлодарская область выбрана стартовой площадкой 2 сезона Конкурса неслучайно – победителями «Бала дауысы» - 2016 стали маленькие павлодарцы Мария Затварницкая и Мерхат Жылқыбаев.

С 13 мая по 22 июня творческая команда Фонда «Жандануәлемі», состоящая из известных музыкальных продюсеров, композиторов и популярных исполнителей, посетит все без исключения областные центры республики, г.г. Астана и Алматы, чтобы провести кастинг среди детей в возрасте от 7 до 13 лет. Каждый ребенок, пришедший на прослушивание, станет обладателем именных Сертификатов от организаторов Конкурса, а для учителей музыки и пения организаторы создают Сборник новых детских песен. Самые яркие моменты отборочных туров будут показаны в Дневниках Конкурса со 2 сентября по 21 октября в эфире КТК.

Осенью 16 лучших детских голосов из каждой области пройдут обучение в Школе Музыки «Бала дауысы», которая распахнет свои двери в Колыбели казахстанского Детства – Национальном центре «Бөбек». Здесь дети получат уроки сольфеджио, хореографии, актерского мастерства и будут вести подготовку к финальной части Конкурса.

27, 28, 29 октября на сцене Ледовой арены «Алматы» состоится грандиозный Супер-финал! Зрители увидят три ярких и неповторимых шоу с участием детей-финалистов и звезд казахстанской эстрады! Право выбрать победителя «Бала дауысы-2017» будет предоставлено профессиональному жюри и телезрителям, которые смогут принять участие в СМС-голосовании.

Все 16 финалистов станут обладателями специальных призов, а лучший детский голос получит Грант на обучение в музыкальном учебном заведении и путевку на поездку в волшебный Диснейленд.

Подробная информация о конкурсе - на официальном сайте Конкурса  
[www.baladauysy.kz](http://www.baladauysy.kz)

## БОЛЬШЕ 500 КОМПАНИИ КИТАЯ ГОТОВЫ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В МЕЖДУНАРОДНОЙ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ ВЫСТАВКЕ «АСТАНА ЭКСПО-2017»



18 мая в офисе организатора Выставки состоялась встреча Председателя Правления АО «НК «Астана-ЭКСПО-2017» Ахметжана Есимова и Председателя Комитета по содействию международной торговле Китайской Народной Республики Цзян Цзэнвэй.

Ахметжан Есимов напомнил, что на сегодняшний день официально подтвердили свое участие 115 государств и 22 международных организаций. По графику, как и планировалось, все страны приступили к оформлению своих павильонов. Самыми быстрыми темпами идет наполнение контента и китайского павильона.

«Мы ожидаем высокий интерес посетителей к павильону Китая, как к высокотехнологической стране. Казахстан и Китай связывают давние добрососедские отношения. Об этом свидетельствует не-

давнее участие Главы государства Нурсултана Назарбаева в международном форуме - «Один пояс - один путь», - отметил А.Есимов.

В свою очередь, китайская сторона выразила высокий интерес к ЭКСПО-2017. Сегодня, 223 провинции и больше 500 компаний готовы принять участие провести бизнес-форумы в рамках Выставки.

«Только что я лично посетил наш павильон. Хочу поблагодарить Вас и отметить, что работы идут успешно и благополучно. Я думаю, что это заложит хорошую основу для встречи глав государств двух стран на открытии ЭКСПО. В этом году тема ЭКСПО – «Энергия будущего», что позволяет казахстанской стороне показать миру важную роль в развитии мировой экономической интеграции», - отметил Цзян Цзэнвэй.

В заключении встречи стороны обсудили протокольные вопросы церемонии открытия Выставки.

источник:  
[pr@expo2017astana.com](mailto:pr@expo2017astana.com)







Жоба

Проект

### ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАРАШАСЫНДАҒЫ № 2”ЖЕРГІЛІКТІ АУҚЫМДАҒЫ ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ” ШЕШІМІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі ШЕШТІ:

1.Қала әкімінің 2016 жылғы 22 қарашасындағы № 2 "Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" (2016 жылғы 23 қарашасында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4026 тіркелген, 2016 жылғы 18 қарашасындағы № 46/482 "Приозерский вестник" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

- 2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

К. Камзин

### О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ РЕШЕНИЯ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ОТ 22 НОЯБРЯ 2016 ГОДА № 2 "ОБ ОБЪЯВЛЕНИИ ЧРЕЗВЫЧАЙНОЙ СИТУАЦИИ ПРИРОДНОГО ХАРАКТЕРА МЕСТНОГО МАСШТАБА"

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", аким города Приозерск РЕШИЛ:

1.Признать утратившим силу решение акима города от 22 ноября 2016 года № 2 "Об объявлении чрезвычайной ситуации природного характера местного масштаба" (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 23 ноября 2016 года № 4026, опубликованное в газете "Приозерский вестник" от 18 ноября 2016 года № 46/482).

- 2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
3. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

#### Мемлекеттік қызметтің жаңа түрі

### "МҮГЕДЕКТЕРГЕ КРЕСЛО-АРБАЛАР БЕРУ" СТАНДАРТЫНАН ҮЗІНДІ

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

- 1)құжаттардың топтамасын тіркеу сәтінен бастап – 10 (он) жұмыс күні;
2)құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;
3)көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мүгедектерге кресло-арбалар ұсыну мерзімдерін көрсете отырып құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – www.mzsr.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылды.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылуынсыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1)мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы;
2)жазатайым оқиға туралы акт және жұмыс берушідара кәсіпкер қызметін тоқтатқаны немесе заңды тұлға таратылғаны

туралы құжат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, әкімдіктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі байланыс телефондары: 8 (71039) 5-49-40, 5-21-08.

Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

#### Қоғамға төнген қатер

### ҚАТЕР ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ НЕМЕСЕ ЭКСТРЕМИЗМ, ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ РАДИКАЛИЗМ

«Экстремизм» деген термин ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданысқа енді. Экстремизм латынның extremus – крайний деген сөзінен шыққан. Ол «ең соңғы, төтенше» деген мағынаны білдіреді.

Экстремизм баспасөзде лаңкестік деп аударылып жүр. Бұл өз мағынасын дәл беріп тұрған жоқ. Лаңкестік ұғымы ылаң

салу, бүлік шығару, бұзақылық жасау деген ұғымға жақын келеді. Ал экстремизм – бұдан кеңірек ұғым. Оның өмірдегі көріністері терроризм, геноцид, этноцид, расизм болып табылады.

Экстремизм бұл ілім немесе ғылым емес. Ал өмірде радикалды саяси ілімдер, саяси ұғымдар, түсініктер жиі кездеседі.

Экстремизм термині ХХ ғасырдың

екінші жартысында халықаралық қатынас құжаттарында айналымға енгенімен, оның түрлі формалары әр елде ежелден белгілі болып келді. Экстремистердің ісі – ауыр қылмыс болып табылады.

Экстремизмнің бүгінгі таңда кең тараған түрі – терроризм. Террор – латын сөзі – қазақшаға аударғанда қорқыныш, үрей деген мағынаны білдіреді. Террорлық әрекеттің басты мақсаты қоғамда үрей, қорқыныш, әбігер туғызу, елдің тыныштығын бұзу, өзіне көпшіліктің назарын аудару арқылы өздерін үлкен саяси күш ретінде таныту болып табылады. Кедейлік, аш-жалаңаштық бұқараны сабырдан айырып, тобырлық қалыпқа түсіреді, алдына келгенін, қолына түскенін таптармағай талап-тонауға дейін апарды. Бұл

нағыз бассыздықтың, бандитизмнің өзі, заңды биліктің әлсіздігі болып табылады.

Терроризм қай жерде жасалса да, варварлық құбылыс. Бүгінгі әлемдік өркениеттің бетіне үлкен танба. Адамдардың рухани денгейінің көрінісі. Сондықтан да бұл ғасыр қасіретімен күресте осыны басты назарда ұстауымыз керек.

Адамзат өркениеті, тарих тегершігі кері шегініс жасауға тиіс емес, өйткені планетадағы тіршілік прогреске құрылған, әлем ертеңге деген үлкен үмітпен өмір сүреді.

А. Ким, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

#### О новой государственной услуге

### ВЫПИСКА ИЗ СТАНДАРТА «ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ ИНВАЛИДАМ КРЕСЛА-КОЛЯСКОК»

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через услугодателя.

Срок оказания государственной услуги:

- 1)с момента регистрации пакета документов – 10 (десять) рабочих дней;
2)максимально допустимое время ожидания для сдачи пакета документов – 30 минут;
3)максимально допустимое время обслуживания услугополучателя – 30 минут.

Форма оказания государственной услуги: бумажная.

Результат оказания государственной услуги: уведомление об оформлении документов с указанием сроков предоставления инвалидам кресла-коляски.

Государственная услуга оказывается бесплатно физическим лицам (далее – услугополучатель).

График работы услугодателя – размещен на интернет-ресурсе www.mzsr.gov.kz, раздел «Государственные услуги».

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги: с 9.00 часов до 17.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов.

Государственная услуга оказывается в порядке очереди, без предварительной записи и ускоренного обслуживания.

Услугополучатель при обращении для оказания государственной услуги предоставляет заявление по форме согласно приложению к настоящему стандарту государственной услуги и следующие документы:

- 1)индивидуальная программа реабилитации инвалида;
2)акт о несчастном случае и документ о

прекращении деятельности работодателя-индивидуального предпринимателя или ликвидации юридического лица.

Документы представляются в подлинниках и копиях документа, после чего подлинники документов возвращаются услугополучателю.

Порядок обжалования решений, действий (бездействия) услугодателей и (или) его должностных лиц по вопросам оказания государственных услуг.

Обжалование решений, действий (бездействия) услугодателя и (или) его должностных лиц по вопросам оказания государственных услуг жалоба подается на имя руководителя услугодателя.

Жалоба подается в письменной форме по почте либо нарочно через канцелярию услугодателя.

Жалоба услугополучателя, поступившая в адрес услугодателя, акимата, подлежит рассмотрению в течение 5 (пять) рабочих дней со дня ее регистрации.

В случае несогласия с результатами оказанной государственной услуги услугополучатель обращается с жалобой в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг.

В случаях несогласия с результатами оказанной государственной услуги, услугополучатель обращается в суд в порядке установленном законодательством Республики Казахстан.

Контактные телефоны по вопросам оказания государственной услуги: 8 (71039) 5-49-40, 5-21-08.

Отдел занятости и социальных программ города Приозерск





## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АТА-АНАЛАР ЖИЫНЫ

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ

Жақында еліміздің барлық өңірлерінде өтіп жатқан Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының жалпыұлттық ата-аналар жиналысы қаламыздың № 2 мектебінде де болып өтті. Жиынға ата-аналармен біргелікте жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың және баспасөз өкілдері

қонақтарды мектеп бітіру шарасын өткізу барысында қауіпсіздік шараларын сақтауды, төтенше жағдайлар мен қауіптің алдын алу үшін сол аумақты кезекшілікпен қамтуды, осы шара үшін құқық қорғау органы мен ТЖ және денсаулық сақтау саласы қызметкерлерін тарту жайын баян етті. Жалпыұлт-

қызмет жасай алады. Баяндамашы бұдан әрі Қамқоршылық кеңесінің мақсаттары мен жұмыс бағыттарына, кеңес құрамына кімдер мүше болатынына, оның функцияларына тоқталды.

Сөзге шыққан мектеп қызметкері Роза Қасымова демеушілік және қайырымдылық мәселесі бойынша баяндады. Мектепке жасалатын демеушілік пен қайырымдылық шаралары аз қамтылған отбасылар мен жетімдерге, мүмкіндігі шектеулі жандар мен табиғат апаттарынан, жұқпалы және эпидемиялық ауруларан, басқа да төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге жасалатын көмек екендігін ұқтырды. Сондай-ақ оның ғимарат жөндеуі мен құрылыстарына, спорттық құрал-жабдықтар сатып алуға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға, мектептің іс-шараларына, үйірмелер мен спорт секцияларына, көшпелі туризмге, ақпараттық сүйемелдеу мен имидждік жобаларға жұмсалатынын жеткізді. Бұл шараға кезкелген ата-ана, кәсіпкерлер мен іскер адамдар немесе қоғамдық өмірге, балалар тағдырына бейжай қарамайтын қайырымды жандар қатыса алады. Мектепте «Түлектер, сүйікті мектебіңе көмек көрсет», «Мектепке кітап сыйла» акциясы жүріп жатқанын мәлімдеді. Кітап оқулық немесе әдеби, тарихи, танымдық т.б. болуы мүмкін.

Жиын соңына қарай сөз алған мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова басқалар секілді өздерін-өзі мақтаудан аулақ екендігімен бастады сөзін. Мектеп оқушыларының оқуға ынтымақтанып төмендеп кеткенін, кітап оқымайтынын, сабақ дайындамайтынын, қолдарынан телефон түспейтінін, оған қоса мектеп ішінде жүріп тәртіпсіздік жасайтынын және ауыздарынан қалай болса солай боқтық сөз шағатынын, бір-бірін жаман сөзбен сөгіп, балағаттайтынын, оқытушыларды сыйлаудан қалып бара жатқандарын ашық та, ашынып та айтты. Сондықтан мектепте пән оқытушыларының тапшылығы, жетіспеушілігі орын алуға. Атап айтқанда математика, физика, тарих, орыс тілі т.б. пәндерден оқытушы жетпейді. Басқа қалалардан және жоғарғы оқу орындарынан бітірушілерді тартуға, олардың әлеуметтік

жағдайын жасауға әрекеттер жасалмағанымен, нәтиже болмауда екен. Бұл тек біздің қала мектептеріне ғана емес, жалпы елімізде болып жатқан проблема көрінеді. Мектеп басшысы ата-аналарды біргелікте, ұйымшылдықпен жұмыс жасап, баланың оқуы мен тәрбиесіне жұмыла араласуға үндеді.

Ата-аналар тарапынан ешқандай сауал беріліп, мәселе көтерілмеді. Қалалық «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі, ақын Нұрғали Қарабеков осындай маңызды шаралар ауқымды залда, екі мектеп ұстаздарының, барлық ата-аналардың, қоғамдық ұйымдар мен құзіретті органдар қызметкерлерінің қатысуымен өтуі тиімді болатынын, оқу мен тәрбиесі өте нашар оқушылардың есімдері атап айтылуын, жалпы бала тәрбиесіне қоғам жауапты екенін және оған көп болып жұмылуы қажеттігін,



қатысты. Аталмыш шараның мақсаты – ата-аналарды мемлекеттік білім беру саясатына тарту және орта білім беру саласындағы негізгі мәселелер бойынша түсінік жұмыстарын жүргізу болып табылады. Ата-аналар жиналысында күн тәртібінде төрт мәселе – ұлттық бірыңғай тестілеудің жаңа форматы және мектеп бітірушілер кеші бойынша іс-шаралар туралы; Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы; Мектептегі қайырымдылық және демеушілік туралы және сұрақ-жауаптар тыңдалды. Жалпыұлттық ата-аналар жиналысын Приозерск қаласы білім бөлімінің қызметкері Әлия Чалгинбаева ашып, бұл шараның маңыздылығы жайлы баяндады.

Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары Жанар Жарылқасынқызы Былғарбек ата-аларды түлектерді ұлттық бірінғай тестілеуден өткізудің жаңа үлгісімен бейнеролик арқылы және ауызша таныстырды. Сондай-ақ емтихан тапсырылатын міндетті пәндер, тестілеудің құрылымдары, мектеп бітіруші түлектерге қатысты мәселелер жайында айтып берді. Түлектер мен

тық ата-аналар жиынында мектептегі оқу-тәрбие жұмысы және білім беру жүйесіне байланысты кез-келген сауал жолдауларына болатынын, соған байланысты жергілікті атқарушы және құзіретті органдар өкілдерін шақыратындарын айтты.

Мектеп директорының тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары Алтынай Ермағамбетова жоғарғы жақтан ұсынылған Қамқоршылық кеңесін құру және оның жұмысы жайында сөз етті. Бейнеролик көрсетілген соң, Қамқоршылық кеңестері туралы мәлімет берді. Аталмыш кеңес қоғамның білім саласын басқаруға қатысу формаларының бірі. Бұл білім саласын, не болмаса нақты бір білім беру мекемесін дамытуға мүдделі адамдарды ерікті негізде біріктіретін мемлекеттік немесе коммерциялық емес қоғамдық ұйым. Қамқоршылық кеңестері – тек қолдау мен қаржыландыру ғана емес, білім беру ұйымдарының, ең маңыздысы – азаматтық қоғамның билікпен диалог құру құралы. Бұл кеңестің құқықтық статусы екі түрде орнатылуы мүмкін: ол – заңды тұлғаны құру жолымен де, құрмай-ақ



мектепке жасалатын қайырымдылық пен демеушіліктің мұсылман ретіндегі садақасы болып саналатынын сөз етті.

Жалпыұлттық ата-аналар жиыны соңына түлектердің мектеп бітіру кеші мен салтанатты түрде аттестат тапсырылуы осы жылғы 10-12-маусым аралығында, түлектер акциясы мамыр-тамыз айларында өтетіні жарияланды. Сонымен қатар биыл қаламызда алғаш рет қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен мамырдың 22-жұлдзында қалалық алаңда үздіктер слеті өтетіні, 1-маусым – балаларды қорғау күніне арналып алғаш рет балалар шеруі өткізілетіні, оған білім ошақтарынан балалар қатысатыны, көптеген қызықты іс-шаралар ұйымдастылатыны ескертілді.

Н.ӨТЕП.

Суретте: ата-аналар жиынында.

Бесік иесі – әйел

## АНА МЕН БАЛАНЫ АЯЛАЙЫҚ

Ана мен бала денсаулығын сақтау мәселесі денсаулық сақтау саласының ғана емес, жалпы қоғам дамуының қайнар көзі екендігі ежелден белгілі. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында да бұл мәселеге айрықша назар аударған болатын. «Мәңгілік Ел» идеясының аясында әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіруді межелеген Жолдауда денсаулық сақтау саласына айрықша басымдық берілгені куантанды. Елбасы осы орайда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін не істеуіміз керек?» деген сұрақты алға тартып, мауелі мақсаттың бірі ретінде денсаулық сақтаудың маңыздылығына кеңінен тоқталды. Президенттің Жолдаудағы «Денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Міндетті медициналық сақтандыру енгізу мәселесін зерттеген жөн. Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі – медициналық қызметтің барлық жүйесінің басты қағидаты.

Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу –

аурудың алдын алудың негізі» деген сөздері түсінген жанға терең ой салары сөзсіз.

«Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөз босқа айтылмаған. Елбасы Н.Назарбаевтың «Бесік иесі – әйел. Демек, әйелдің жайы түзелмей бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей мемлекетіміз түзелмейді. Әйелдің жағдайы қандай болса қоғамның жағдайы да сондай болады» деуі елдің панасы – ана мен балаға деген шынайы қамқорлығын паш етсе керек.

Демек, ана мен бала денсаулығы – ұлттық мәселе. Ұлтының саулығын, ұрпағының амандығын ойлаған кез-келген адам, бүкіл қоғам болып әйелдердің өз өміріне салғырт қарауынан туындап жатқан кесір-кесапатпен күресуі тиіс.

Әйел денсаулығы мықты болса, одан он екі мүшесі сау бала дүниеге келеді. Өмірге қалаулы және дені сау бала келуі үшін қазіргі заманның әрбір адамы өзінің ұрпақ жалғастыруға қабілетті денсаулығын қалай сақтау керек екендігін білуі тиіс.

Әр әйел міндетті түрде жылына бір рет алдын алу тексерісінен өтіп тұруы қажет. Сол себепті бала көтеру жасына келген (15-49 жас аралығы) әр әйел немесе қыз бала тіркелген емханаларына барып, жылына бір рет өзі үшін тиісті анализдерді тапсырғаны жөн. Бұл қызмет тегін түрде іске асады. Егер

ауру түрі анықталса, дер кезінде емделулері тиіс.

Ең алдымен, болашақ ана өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы, жүкті болмай тұрып-ақ болашақ жүктілікке дайындалып, тексерілуі қажет. Бала көтеруге келерлік келтіретіндей көрсеткіштер байқалған жағдайда, ол мәселені дәрігерлермен бірігіп шешуі, мамандардың ұсыныстары мен ақыл-кеңестеріне құлақ салуы шарт. Жүктілігі бойынша жүкті әйел тұратын жеріндегі аумақтық емханаға диспансерлік есепке тұруы міндетті. Яғни, жергілікті (учаскелік) дәрігерге көрініп, акушер-гинекологқа есепке тұруы қажет.

Өзін қандай да бір жағдай мазалайтын болса, өз бетінше емделмей, дер кезінде дәрігерге қаралуы керек. Сондай-ақ денсаулығы нашар, яғни белгілі бір ауруы бар әйел босанғаннан кейін жүктіліктің аралығына үзіліс жасауы тиіс. Бала туудағы аралық 2-2,5 жыл болуы керектігі ұсынылған және бұл уақытты ол міндетті түрде денсаулығын түзеу мақсатына пайдаланғаны абзал. Себебі дені сау әйелден дені сау бала туылады. Бала тууға қолайлы кезең – 20-35 жас. Егер жүктілік бұдан ерте не кеш қалыптасатын болса, ол көптеген асқынулармен өтуі және ана мен бала денсаулығының бұзылуы мүмкін екендігі дәлелденген.

Қалалық орталық ауруханада бастапқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін ұйымдардан репродуктивті (туу қабілеті бар) жастағы әйелдерге, гинекологиялық науқастарға, жүкті, босанатын және босанған әйелдерге ерекше көңіл бөлініп



медициналық көмек көрсетіледі.

Ана мен баланың денсаулығын нығайту – аурухананың басты мақсаты.

Дені сау отбасының, болашақ буынның, халықтың, ұлттың негізі әйелдер мен аналарға қатысты. Еліміздегі жағдай ана болу бір ғана отбасының емес, күллі қоғамның жауапкершілігінде екендігін дәлелдейді. Оның басты міндеті әйел анығын ардақтау, отбасын дені сау баланы дүниеге әкелуге бағыттау, өскелең ұрпақ арасында отбасылық дәстүрді насихаттау.

Аналар мен балалар денсаулығын сақтау міндеті тек медициналық тұрғыда ғана емес, еліміздің ұзақмерзімді даму стратегиясының да басты арқауы. Өйткені, таяу он жылдықтарда бүгінгі балалар мен жасөспірімдер мемлекеттің қорғаныс қабілетін, экономикалық, ғылыми және мәдени әлеуметін айқындайтын болады. Бәсекелестікке қабілетті елге, бәсекелестікке қабілетті денсаулық қажет.

А.К.Кутжанова,  
«Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК СӨС дәрігері





Аз қамтылған азаматтарға көмек

Помощь малообеспеченным гражданам

## «ӨРЛЕУ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Өрлеу жобасы – бұл әлеуметтік келісімшарт жасасқан және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімделу шараларына қатысқан жағдайда аз қамтылған азаматтарға (отбасы-ларға) шартты ақшалай көмекті (бұдан әрі – ШАК) ұсынууды көздейтін пилоттық бағдарлама.

**Жобаның мақсаты:** аз қамтылған отбасыларды жұмыспен қамтудың әр түрлі формаларына қатыстыру, одан әрі жұмысқа орналастырумен немесе «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» Бағдарламасы аясында жеке ісін ұйымдастырумен оқыту және қайта оқыту арқылы белсендендіру. Аз қамтылған отбасылардың қатарынан шығару үшін отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасасқан отбасының еңбекке қабілетті мүшелері жұмысқа және еңбекақыға ие болады, ал мемлекет отбасының белсенділігін арттыру әлеуметтік келісімшартының күші бар уақыт бойы әлеуметтік көмек төлеп отырады.

Жоба қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік көмектің қолданыстағы жүйесін жаңғыртудың нәтижесі болып табылады. Бүгін аз қамтылған отбасыларды қолдау үшін мемлекет атаулы әлеуметтік көмек (АӘК), 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік көмек (балалар жәрдемақысы), сондай-ақ тұрғын үй көмегін төлейді. Көмектің аталған түрлері мемлекет көмегінің пассивті формалары болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қолдаудың аталған түрлері халық арасында масылдық пиғылды жоюға және оларға кедейліктен шығуға мүмкіндік бермейді.

Жаңа тәсілдердің мәні және қолданыстағы жүйеден айырмашылығы: әлеуметтік көмек алу үшін еңбекке қабілетті жастағы аз қамтылған адамдардың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің

белсенді шараларына міндетті түрде қатысуы – алушылардың (отбасының) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу бойынша және әлеуметтік көмек бөлімдерінің - жұмысқа (оқуға) орналастыруға жәрдемдесу және өзге де әлеуметтік қолдау көрсету бойынша міндеттері анықталатын отбасының белсенділігін арттыру

әлеуметтік келісімшарты осы мақсатпен бекітіледі;

әлеуметтік көмек көрсету үшін критерияларды ең төмен күнкөріс деңгейінен 40 %-дан 60 %-ға және сәйкесінше, көмек мөлшерін арттыру;

отбасын сүйемелдеу институтын енгізу –жоба қатысушыларының әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындау бағытын қадағалайтын, сонымен қатар өмірлік қиын жағдайды өз бетімен еңсеру үшін қолдау көрсететін консультанттар және жоба ассистенттерімен іске асырылады.

Жоғарыда аталған жаңа тәсілдер Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның 84-қадамын іске асыру аясында қабылданған «Қазақстан Республикалығының кейбір заңнамалық актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикалығының Заңында (28.10.2015 ж.) бейнеленді және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін болады.

Көрсетілген заңда аз қамтылғандарға арналған төлемнің 3 түрін бір төлемге түрлендіру (Өрлеу жобасына ұқсас) көзделген, бұл ретте көмектің аталған түрі шартсыз және шартты ақшалай көмек болып 2 түрге бөлінетін болады.

**Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

### Новое в законодательстве

## ПОЛОЖЕНИЕ О КОМИССИИ ПО ЛИЦЕНЗИРОВАНИЮ СУДЕБНО-ЭКСПЕРТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Положение о комиссии по лицензированию судебно-экспертной деятельности разработано в соответствии с подпунктом 24) статьи 12 Закона Республики Казахстан "О судебно-экспертной деятельности".

Настоящее Положение регулирует деятельность комиссии по лицензированию судебно-экспертной деятельности.

Комиссия и ее состав создается при Министерстве юстиции Республики Казахстан.

Основными задачами Комиссии являются определение соответствия заявителя квалификационным требованиям, предъявляемым к лицензиату, а также выполнения иных задач, предусмотренных приказами Министерства юстиции.

В ходе своей работы Комиссия руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан "О разрешениях и уведомлениях", "О судебно-экспертной деятельности" и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан в области лицензирования и судебно-экспертной деятельности.

Состав Комиссии состоит из нечетного числа членов (не менее пяти человек). Председателем Комиссии является директор Департамента по организации экспертной деятельности или лицо, исполняющее его обязанности.

В состав Комиссии включаются представители Департамента по организации экспертной деятельности, а также органов судебной экспертизы Министерства, имеющие специальные научные знания, ученую степень или опыт научной и экспертной работы не менее пяти лет в

данной отрасли.

Комиссия в соответствии с возложенными на нее задачами осуществляет следующие функции:

